

Әлтаева Нұрсұлу Сауранбекқызы
Қазақ ұлттық университеті
Дінтану және мәдениеттану
кафедрасының оқытушысы
e-mail: nursulu.84@mail.ru
тел: 87011611984
(сырттай қатысу)

Жастардың діни сауаттылығын арттыру діни экстремизмнің алдын алудың кепілі

Бүгінгі таңда жастардың көз алдында дін рухани-құлықтық идеаларды таратушы және мәдени дәстүрді сақтаушы ретінде жоғары дәрежеге ие болып отыр. Осыған орай білім беру мекемелері, мемлекеттік органдар алдында қазақ қоғамы үшін дәстүрлі діндердің әлеуетін жастарды рухани-тәрбиелікке және отансүйгіштікке тәрбиелеу мәселесі тұр. Ұлттың бүгінгі мен келешегі – білімді жастың қолында. Анығырақ айтқанда, тарихын терең білетін, ұлттың рухани құндылықтарын бойына сіңірген ұрпақ қана ел болашағын қалыптастыра алады. Сондай-ақ, елімізде өзара түсіністік пен дінаралық татулықты сақтай отырып, мемлекеттілікті нығайту үшін жас ұрпаққа дәстүрлі діндер, олардың рухани құндылықтары, еңбектері, дін ғұламалары жайлы білу керек.

Адам діни сауаттылығын арттыру арқылы қоғамға, қоршаған ортаға деген көзқарасы қалыптасады. Сондықтан діни сауаттылықтың адам санасының онды дамуындағы рөлі маңызды.

Әлемге танымал мұсылман діндары әл-Ғазали діни білім туралы «Ихъя 'улюм әд-дин» (Діни ғылымның жаңғыруы) кітабында былай дейді: «Пайдалы біліммен шұғылдану бүкіл басқа істерге қарағанда әлдеқайда жақсы. Пайдалы білім – дүниенің жамандығын, ақыреттегі жағдайдың қауіптілігі мен қорқыныштылығын түсіндіретін білім. Дүниеге беріліп, ақыреттен бет бұрған адамдардың надандығы мен ақымақтығын, олардың бойындағы өркөкіректік, күншілдік, екіжүзділік, өзін-өзі сүюшілік, атаққұмарлық пен мансапқұмарлық, дүниеге құштарлық сияқты жүрек дерттерінің дауасы не екендігін білдіретін білім – пайдалы білім»[1].

Еліміз егемендік алған алғашқы кездері қазақ қоғамының жан дүниесі, діни сауаттылығы кешегі Кеңес үкіметі ықпалынан белгілі бір деңгейде әлсіреп қалған болатын. Яғни, халықтың діни сауаты төмен дәрежеде болды. Осының нәтижесінде, түрлі деңгейдегі жаңа ағымдар мен жаңа діни бірлестіктердің саны артып, оның жақтаушылары мен мүшелері де көбейді.

Қазіргі таңда дінге толық таныммен келмеу діни сауатсыздықтың басты көрінісі болып отыр. Жалпы діни экстремизмнің таралуына себеп болатын бірнеше алғышарттарды атап өтуге болады. Ең алдымен бұл діни сауатсыздық. Сондықтан да діни экстремизммен күресте ең маңызды қадам бұл діни сауаттылығымызды арттыру екендігі даусыз. Діни сауаттылық

ұлттық тарих, дәстүрмен қатар, әлемдік деңгейдегі үрдістерден хабардар болудан құралады. Өз Отанын сүю мен дәстүрін ұстану, тарихын қастерлеу діни сауаттылықтың бір қыры. Өйткені, қазақ тарихына үңілген кез-келген адам қазақ халқында өзге елді жаулау, өзге ұлт пен дінді кемсіту секілді көріністердің орын алмағандығын көреді.

Мемлекеттің діни саясатының басты мақсаты – елімізде діни өмірдің жайлы дамуы мен қоғамдағы тұрақтылықты бекіту болып табылады. Соңғы кезде ғаламтор беттерінде діни сауаттылық жайлы көптеген тақырыптар қозғалуда. Өйткені мемлекетте сауатсыздықтың салдарынан діни ахуал күрделеніп, әлі күнге дейін нақты шешімін таба алмай келеді.

Діни сауаттылық дін туралы білім ретінде жалпы сауаттылықтың құрамдас бөлігіне айналуы тиіс. Барлық әлемдік, дәстүрлі, жаңа пайда болған діни ағымдардың тарихын, ілімін, құндылықтар жүйесінен танып-білу мен жалған діндердің, экстремистік топтардың белгілерін ажырата алу дағдысы қалыптасқан адамда радикалды идеяларға қарсы «ақпараттық иммунитет» қалыптасады. Осы тұрғыдан алғанда жастар арасында діни сауаттылықты қалыптастырудың негізгі құралы ретінде «Дінтану» курсы өзекті бола түседі. Ол орта білім беру мектептерінде 2009 жылдан бастап оқытылып келе жатқан дін туралы білім беретін бірден бір пән.

Бүгінде елімізде «Дінтану» мамандығы бойынша әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар мен әлемдік тілдер университеті, Қ.А.Яссауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, «Нұр-Мұбарак» Египет ислам мәдениеті университеті ғана мамандар даярлауда.

Өкінішке қарай бүгінде жастарымыз тура жолда қалыптасқан осы құндылықтарымызды жоққа шығарып, ислам діні деп басқа елдің қалыптасқан дәстүрі мен мәдениетін насихаттап жүргенінен хабарсыз. Бұл мәселенің төңірегінде діни сауатсыз деп жастарға кінә арту қателік. Алдымен сол жастарға тәрбие мен білім беретін ата-анасы мен ұстаздарын діни сауатсыздықтан арылту және қоғамда жастардың діни санасын, оларға діни мәселелерде дұрыс таңдау жасай алатындай иммунитет қалыптастыру бүгінгі күннің кезек күттірмейтін мәселесі екенін түсінуіміз керек. Бұл туралы ел Президентінің жыл сайынғы халыққа арнаған дәстүрлі Жолдауларында, жасаған баяндамалары мен сөйлеген сөздерінде оның маңыздылығы аталып, көрсетіліп келеді. «Қазақстан – 2050. Қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты дәстүрлі Жолдауында да Президентіміз: «Бүгінде біздің халқымыз үшін дәстүрлі емес, діни және жалған діни ағымдар мәселесі өткір тұр. Жастарымыздың бір бөлігі өмірге осы жат, жалған діни көзқарасты көзсіз қабылдайды, өйткені біздің қоғамның бір бөлігінде шеттен келген жалған діни әсерлерге иммунитеті әлсіз. Біздің Конституция сенім бостандығына кепілдік береді, бұл – факт. Бірақ өздеріңіз білетіндей, шексіз еркіндік деген болмайды. Ол дегеніміз – хаос. Барлығы да Конституция мен заң аясында болуға тиіс.

Әркімнің таңдау құқығы бар. Діни таңдауға өте үлкен жауапкершілікпен қарау керек, өйткені, адамның өмірлік салты, тұрмысы, көп жағдайда, өмірі соған байланысты.

Бүгінде, интернет пен жоғары технологиялар ғасырында, ақпараттар тасқындаған заманда, «ішкі сүзгі» адамның ішінде болу керек. Біз қоғамда, әсіресе, жастар арасында діни экстремизм профилактикасын күшейтуіміз керек», [2] – деп атап өткені белгілі. Осы мәселелерді негізге ала отырып, қазіргі орта және арнаулы оқу орындарында «Дінтану негіздері» пәнін тек тарихи аспекті де ғана емес, рухани тәрбиелік жағына да көбірек ден қоюымыз тиіс. Жоғары оқу орындарына да енгізіліп жатқан «Дінтану» пәнімен қоса, әрбір жоғары оқу орындарының жанынан жастарға діни сана қалыптастыру және олардың рухани тәрбиесінің жетілуіне ықпал ететін арнайы рухани орталықтар құрылып, жұмыс атқаруы бүгінгі қоғамымыздың талабы.

Елімізде дін мәселесі күрделіленіп тұрған уақытта мемлекетіміздің діни саясатын нығайтып, халқымыздың дәстүрлі дүниетанымындағы қалыптасқан діни және басқа да әлемдік діндердің тарихы мен рухани құндылықтарынан жастарды хабардар етіп, олардың санасында басқа сенімдерге деген құрмет пен төзімділікті қалыптастыру бүгінгі күннің басты міндеттерінің бірі.

Дін туралы білімге ие, сауатты кез-келген адам өзінің рухани бағдарын дұрыс тандайды, өзгенің дін ұстану, ұлттық, тілдік ерекшелігіне сыйластықпен қарап, құрмет көрсетеді. Яғни, Қазақстанда қалыптасқан дінаралық келісім, татулықты сақтау мен келер ұрпаққа жеткізуге өз үлесін қосар болса, өз кезегінде еркін әрі қызығушылықпен жинақталған білім мен тәжірибе өмір соқпақтарында сүрінбеудің кепілі.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Безбородов М.И. профилактика религиозного экстремизма как важная составляющая сохранения мира и обеспечения безопасности // petrsu.ru/Chairs/Politology/bez...
2. «Қазақстан – 2050. Қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» ҚР Президентінің Қазақстан халқы Жолдауынан // Егемен Қазақстан газеті. 15 желтоқсан 2012 ж., №437-438.